



2) Қазақстан Республикасының резидент емес сақтандыру брокері үшін халықаралық кредиттік рейтингі (Credit Rating) немесе осы қаулының 3-тармағының екінші абзацында көзделген жағдайларда "Standard & Poors", "Moody's Investors Service" және Fitch рейтинг агенттіктерінің жіктеуі бойынша ұлттық рейтинг шкаласындағы кредиттік рейтингі (Credit Rating).

*Ескерту: 2-тармақ өзгертілді, толықтырылды, жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 4 шілдедегі N 221 қаулысымен, ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 114 қаулысымен, 2004 жылғы 27 қазандағы N 324 қаулысымен.*

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымынан - Қазақстан Республикасының резидентінен, оның ішінде сақтандыру брокерлері арқылы, қайта сақтандыруға сақтандыру тәуекелдерін қабылдайтын Қазақстан Республикасының резиденті емес қайта сақтандыру ұйымының және Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру брокерінің осы қаулыға N 2 қосымшада белгіленген рейтингтен төмен емес қаржылық сенімділігінің ең аз талап етілетін рейтингі болуға тиіс.

Мұндайда "Standard & Poors", "Moody's Investors Service" және Fitch рейтинг агенттіктерінің жіктеуі бойынша ұлттық рейтинг шкаласында талап етілетін ең төменгі рейтингіге ие Қазақстан Республикасының резидент емес қайта сақтандыру ұйымы және сақтандыру брокері "Moody's Investors Service", "Standard & Poors" және Fitch рейтинг агенттіктерінің жіктеуі бойынша Қазақстан Республикасына тағайындалған тиісті тәуелсіз рейтингісінен төмен емес тәуелсіз рейтингілерінің біреуіне ие елде тіркелуі тиіс.

*Ескерту: 3-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгерту мен толықтыру енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 4 шілдедегі N 221 қаулысымен, ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 114 қаулысымен.*

3 - 1 . < \* >

*Ескерту: 3-1-тармақпен толықтырылды, алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 4 шілдедегі N 221 қаулысымен, ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 114 қаулысымен.*

4. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

5. Сақтандыру қадағалау департаменті (Құрманов Ж.Б.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;



Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2001 жылғы 31 наурыздағы  
N 86 қаулысына  
N 2 қосымша

*Ескерту: 2 қосымшаның 1-тармағы алынып тасталды, өзгертулер мен толықтырулар енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 19 қазандағы N 414 қаулысымен, 2003 жылғы 4 шілдедегі N 221 қаулысымен, ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 114 қаулысымен, 2004 жылғы 27 қазандағы N 324 қаулысымен.*

**Қазақстан Республикасының резиденті емес қайта сақтандыру ұйымының және сақтандыру брокерінің ең аз рейтингі**

Қазақстан Республикасының резидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымынан қайта сақтандыруға сақтандыру тәуекелдерін қабылдайтын Қазақстан Республикасының резидент емес қайта сақтандыру ұйымының және Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру брокерінің қаржылық сенімділігінің ең аз рейтингі "А3"-тен ("Moody's Investors Service" жіктеуі бойынша) төмен болмауға немесе "А"-дан ("Standard & Poors" жіктеуі бойынша) төмен болмауға, немесе ұлттық рейтинг шкаласы бойынша ең жоғары рейтингісінен ("Standard & Poors", "Moody's Investors Service" және Fitch жіктеуі бойынша) төмен болмауға немесе "А"-дан ("Fitch" жіктеуі бойынша) төмен болмауға немесе "А"-ден ("А.М. Best" жіктеуі бойынша), немесе "А++" төмен емес ("Эксперт-РА" Ресей рейтинг агенттігінің жіктеуі бойынша) төмен болмауға тиіс.

Мұндайда ұлттық рейтинг шкаласы бойынша рейтинг ("Standard & Poors", "Moody's Investors Service" және Fitch жіктеуі бойынша) тиісті префикспен белгіленеді.

Ұ л т т ы қ                      Б а н к

*Төрағасы*